



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ  
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –  
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ  
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ  
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

## БІЛІМ БЕРУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА МҰҒАЛІМ ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАЗМҰНЫ

**Жанбаева Назерке,**  
педагогика және психология мамандығының  
4 курс студенті  
**Казиев Карас Оржанович,**  
ғылыми жетекші  
психология және арнайы білім беру кафедрасының  
қауым.профессоры, PhD докторы  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті  
Атырау қ, Қазақстан Республикасы

### Аннотация

Өзектілігі және мақсаты. Мақалада білім берудің инновациялық технологияларын жүзеге асырушы мұғалім іс-әрекетінің мазмұны, құрылымы және қызметтік ерекшеліктер қарастырылады.

**Түйінді сөздер:** инновация, білім беру, технология, үдеріс, оқыту.

### Аннотация

Актуальность и цель. В статье рассматриваются содержание, структура и функциональные особенности деятельности учащихся, реализующих инновационные образовательные технологии.

**Ключевые слова:** инновации, образование, технология, процесс, обучение.

### Abstract

Relevance and goal. The article discusses the content, structure and functional features of the activities of students implementing innovative educational technologies.

**Keywords:** innovation, education, technology, process, training.

Бүгінгі күні Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Педагогика ғылымында баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылыс көбеюде. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі - маңызды мәселелердің бірі. Сондықтан да оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді. Бүгінгі мақсат - әрбір оқушыларға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау.

Білім берудегі әдістемелік жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ететін инновациялық үдерістерді қолдану арқылы аймақтың экономикасының өзекті салаларына қажет мамандар дайындау алдында бейіндік дайындығы бар, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерген, отансүйгіш, ұлттық дәстүрлерді қастерлейтін, толерантты, білімді де білікті, зияткерлік ой- өрісі кең, саналы тұлға қалыптастыру.

#### Негізгі міндеттері:

- Отансүйгіштік сезімі жоғары, мемлекеттік рәміздерді құрмет тұтып, ұлттық дәстүрлерді дәріптейтін, өз ісіне жауапкершілікті тұлға тәрбиелеу;
- Білім алушылардың интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін жетілдіріп, зерттеу әрекеттерін дамыту жағдайын жасау;
- Білім берудің үздіксіздігін сақтау арқылы жоғары деңгейдегі құзыреттілікті қамтамасыз ету;
- Ақпараттық ресурстар және білім беруді ақпараттандыру арқылы білім алушылардың танымдық қабілетін өз бетінше ұйымдастыру дағдысын қалыптастыру;
- Мұғалімдердің білімін көтеру жүйесін дамыту, педагогтардың инновациялық-эксперименталды, жобалық қызметін ұйымдастыру;
- Педагогтердің статусын көтеру мақсатында кәсіби сайыс түрлерін дамыту, жас мамандарды педагог мамандығына тұрақтандыру бағытында жүйелі жұмыстар ұйымдастыру;
- Денсаулықты сақтау педагогикасы арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және алған білімдерін өмірде қолдана алуға дағдыландыру;
- жаңартылған білім беруге көшудің ғылыми-әдістемелік жағдайын қамтамасыз ету.

Бұл мақсаттарға жету үшін мұғалімнің ізденісі, жаңа тәжірибе, жаңа технологиялар қолдану қажеттілігі туындайды. Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту - таным әрекетін ұйымдастырудың ұтымды формасы. Мақсаты – оқу үрдісінің өнімділігін арттыру. Инновациялық техно-

логияны қолдану: оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру, дамыту кезеңдері арқылы іске асады. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар, оқушыны оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. «Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Инновация латыншадан аударғанда «жаңа», «жаңалық», «жаңарту» дегенді білдіреді немесе «инновация» - бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже. Нақты мақсатқа қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен жетуге болады? Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже - жаңалыққа бет бұрудың кілті. Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі.

Оқу үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерімен оқу материалдарын меңгеру сапасын анықтау үшін оқытушы-ата-ана-оқушы арасындағы байланысын Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында, әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. XXI ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы. XXI ғасырдың бет-бейнесі біліммен өлшенбек. Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына тікелей байланысты. Бүгінгі қоғамның ұстаздар алдына қойып отырған басты міндеті, артар жүгі – сапалы білім берумен қатар жан-жақты дамыған, өзіндік ой-пікірі қалыптасқан, өмірде ойын жүзеге асыра алатын тұлға қалыптастыру. *Тұлға қалыптастыруда* – оның тәні мен жанын қатар дамыту, танымдық қызығушылығын дамытудың әдіс тәсілдерін іздеу, анықтау, жүйелеу, қолдану.

Елбасымыздың жолдауында: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» - деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз. Тәуелсіз ел тірегі-білімді ұрпақ. Жас ұрпаққа білім беруде, оларды болашақ еліміздің тұтқасы етіп тәрбиелеу- әр ұстаздың, әр мектептің ең қасиетті міндеті. Бүкіл дүниежүзілік білім әлеміне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар жүргізіледі. Елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, оқушылардың шығармашылық әлеуметін дамытудың, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Әр күні көптеген ғылыми жаңалықтарға терең әлеуметтік өзгерістерге толы қазіргі кезеңде оқушыларға берілетін ақпараттар көлемі кеңеюде. Ал оны игеруге бөлінетін уақыт өзгеріссіз қалуда. Сондықтан білім берудің сапасын жақсарту, білім берудің әдістемелік негізін өзгерту заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік.

Білім беру мекемелеріндегі инновациялық үдерістер

Білім беру жүйесіндегі *инновациялық үдерістердің* құрамында басқарылатын педагогикалық жаңашылдықтарды жарату, қабылдау, бағалау, игеру және қолдану үдерістері болады. Ал жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады.

Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф.Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

Комбинаторлық модификация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

Радикалдық инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Жаңашылдық – замануи ағымынан өтетін үдеріс, сол себепті инновациялық үдерістің теориялық ережелерін зерттей отыра, жаңашылдықтың жасалуын және орындалатын әрекет түрлеріне қарай ажыратылатын, жаңашылдықтың «өмірлік циклының» деңгейлерін ерекшеленуге болады. Инновациялық үдерісінің құрамында төмендегідей деңгейлер болады.

*Бірінші деңгей* (ашылу деңгейі). Негізгі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің нәтижесі болып саналатын жаңа идеяның немесе жаңашылдықтың концепциясының пайда болуы.

*Екінші деңгей* (ойлап табу). Қандай да бір материалдық немесе рухани өнімнің үлгісін – жаңашылдықты жарату.

*Үшінші деңгей* (жаңашылдық практикалық тұрғыдан қолдау табады). Оның жетілдірілуі жүзеге асады және ол тұрақты, тиімді жаңашылдыққа қол жеткізу деңгейімен аяқталады. Содан кейін жаңашылдықтың тәуелсіз өмір сүруі басталады, яғни жаңашылдық қоғамның, нақты білім беру мекемесінің сол жаңашылдықты қабылдауға икемділігі болған күнде келесі сатыға аяқ басады.

*Төртінші деңгей* (жаңашылдықтың қолданылу фазасының басталуы). Жаңашылдықтың жаңа салаларға ауқымды енгізілуі жүзеге асады.

*Бесінші деңгей*. Жаңашылдық өз жаңалығын жоғалтқан кезде оның белгілі бір салада үстемдік етуі. Бұл үдеріс жаңашылдыққа тиімді баламаның пайда болуымен немесе өзінен тиімдірек басқа жаңашылдықтың ойлап табылуымен аяқталады.

Алтыншы деңгей. Жаңашылдықтың басқа жаңа өніммен ауыстырылуы себебімен қолданылу саласының азаюы.

Нақты инновациялық үдерісте аталып өтілген деңгейлердің барлығының болуы және олардың кезектілігінің сақталуы міндетті емес. Деңгейлер әртүрлі ұзақтық аралығына ие болуы мүмкін.

Инновациялық үдерістер жаңашылдықтың тек қана ішкі логикалық құрылымын ғана емес, сонымен қатар оның сыртқы қоршаған ортамен әрекеттестігінің логикасын көрсетеді. Осы тұрғыдан қарағанда, жаңашылдық оның сыртқы ортаға және сыртқы ортаның жаңашылдыққа әсерінің параметрлерінің динамикалық арақатынасымен сипатталады. Осы сипаттамалардың динамикасы уақыт өте жаңашылдықтың өмірлік циклын қалыптастырады (Бодалев, Жуков, 2002). (2, 166)

Толық өмірлік цикл өзіне келесі деңгейлерді қамтиды: басталу, жылдам өсу, жетілу, толысу, соңы немесе дағдарыс.

Инновацияның әсерімен әртүрлі аймақтарда және мектептердің жүйелерінде болатын нақты өзгерістер инновациялық үдерістердің нәтижесі болып есептеледі. Сонымен, білім берудегі жаңашылдықтар өзімен келесі өзгерістерді алып келуі мүмкін: білім беру үдерісінің жалпы бағыттылығы; білім беру траекторияларының және бағыттарының саны және сипаты; мектеп көрсететін білім беру қызметтерінің тізбектемесі; білім берудің құрамы; білім беру технологиясы; оқытушы және оқушының қарым-қатынасының, өзара әрекеттестігінің сипаттамасы; жеке білім беру үдерістерінің ұйымдастырылуы және олар арасындағы байланыс; оқыту және тәрбиелеу үдерісінің жүктемесі, қарқыны және үйлесімділігінің динамикасы.

Мемлекеттің инновациялық дамуы білім беру жүйесінің алдында қосымша міндеттер қояды, оның шешімі білім беру ұйымы басшыларының кәсіби біліктілігін жетілдірудің қолданыстағы тәсілдерінен ерекше, түбегейлі жаңа тәсілдерді қалыптастыруды талап етеді. Қазіргі кезде мектептің инновациялық қызметін басқаруға дайындық міндеттерін шешу ерекше маңызды.

**Инновациялық үдеріс** - бұл заманауи немесе қазіргі заманға лайықты жаңашылдықтарды (теорияларды, әдістемелерді, технологияларды және т.с.с) қалыптастыру, меңгеру, қолдану, және тарату бойынша кешенді қызмет. Бұл ғылыми білімді инновацияға айналдыру, идеяларды біртіндеп өнімге, технологияға немесе қызметке айналдыру үдерісі; өз алдына білім беру жүйесін жаңа сапалық жағдайға, даму режиміне көшіруді мақсат етіп қоятын мотивациялық, мақсатты, танымдық үдеріс.

Инновациялық үдерісті басқаруға ішкі және сыртқы ортаның факторлары ықпал етеді, сондықтан оны өзара байланысты үдерістерді жиынтық басқару ретінде қарастыру керек:

- білім басқармасының жоғары тұрған органдарының нұсқаулары мен ұсыныстарын орындау;
- педагогикалық іс-тәжірибе педагогика ғылымы мен аралас ғылымдардың жаңа жетістіктерін енгізу; озық педагогикалық тәжірибені меңгеру;
- педагогикалық тәжірибені мектеп ішінде зерттеу және жалпылау;
- оқушылардың білімге деген сұраныстарын, ата-аналары мен әлеуметтік ортаның сұраныстарын зерттеу;
- инновациялық идеяларды алға жылжыту, мектеп ішінде инновациялар әзірлеу, сараптау және енгізу;
- білім беру қатысушылардың инновациялық қызметті іске асыру қабілеттілігі ретінде мектептің инновациялық әлеуетін арттыру.

Инновациялық білім беру жолдары:

- Инновациялық іс-әрекет сонымен қатар, жаңашылдықты іздеп шешуге дайын болу қасиетімен де тығыз байланысты.
- Ал іс-әрекеттің «негізгі құрастырушысы» ретінде Б.Фломов мыналарды бөліп көрсетеді; мотивті, мақсатты, жоспарлауды, күнделікті мағлұматты, өндеуді, оперативті бейнелеуді, шешім қабылдауды, іс-әрекеттерді, қортындыны тексеру және әрекеттерді түзету.
- Біздің ойымызша жалпы іс-әрекеттің осы құралы бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық іс-әрекетіне тән. Автордың айтуы бойынша, мұғалімнің инновациялық іс-әректің диагностикасында ескерлетін бірнеше ережелер бар.

1. Өз қызметін және әріптестерінің қызметінің қызметін оның жоғарыда сөз болғандай тиімділігін бірізді талаптар бойынша жан-жақты бағалауға үйрету.

2. Ұжымдық істі ұжымдық талдау жасауға, өз жұмысының өзіндік талдауына үйрету маңызды.

3. Өзінің кәсіби қасиеттерін өзіндік бағалау мен өзіндік тануға көшу, өзіне және басқаға талап қоя білуге үйрету.

4. Мұғалімдердің инновациялық қызметін бағалау белгілеріне сүйеніп, педагогикалық қызметті сараптау бағалауға тарту.

Осы жұмыстардың барлығында диагностика өзіндік мақсат емес, педагогикалық қалыптасудың алғы шарттары мен шығармашылықпен еңбек ететін мұғалімдерді тәрбиелеу тәсілдері. Инновациялық іс-әрекет педагогикалық еңбектің өнімділігін сапалы өзгеретін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үлгілері мен құру үрдісі.

Инновациялық үрдістерді басқару көпнұсқалы, ол нақты жағдайға сүйене отырып, стандарттардың үйлесімі мен амалдардың бірегейлігін, іс-әрекет тәсілдерінің икемділігі мен қайталанбастығын болжайды. Инновациялық менеджментте дайын рецептер жоқ және болуы мүмкін емес. Бірақ ол қандай да бір міндеттерді шешу тәсілдерін, әдістерін, амалдарын біле отырып, ұйымды дамытуда айтарлықтай жетістікке жетуге баулиды.

Әртүрлі технологияларды қолдану мұғалімнің негізгі міндеті- оқушылардың ең жоғарғы ойлау белсенділігін қамтамасыз ету міндетін шешеді. Материалды қабылдау мұғалімнің айтқандарымен ғана емес, сондай-ақ оқушы қандай тапсырмаларды орындайтындығымен қамтамасыз етіледі.

Ұжымда ата-аналармен бірлескен жұмыстар жүргізіледі, ата-аналар мен мектеп арасында ынтымақтастық орнады. Мерекелер, жаңашылдық ертеңгіліктер, пәндік онкүндіктер, әртүрлі спорттық іс-шаралар ұйымдастырылып, ата-аналармен бірге өткізіледі.

Мектепте ғылыми жобалар конкурстары мен пән олимпиадалары өткізіледі. Біздің тәрбиеленушілеріміз облыстық және республикалық деңгейдегі олимпиадалар мен конкурстарда әрдайым жүлделі орындар алады.

Мектептегі инновациялық үрдістерді басқаруда инновациялық қызметті басқару әдістері өзінің тиімділігін көрсетті:

- тиімді жұмыс істейтін шығармашыл, зерттеуші топтарды, коммуникациялардың тиімді жүйесін құру (қалыптастыру);
- уәждемелер (ынталандыру, креативтік алаңдар құру, ынталандырушы бақылау);
- педагогикалық ұжым мүшелерінің кәсіби өсуіне жағдай жасау;
- ұжымдағы әлеуметтік –психологиялық ортаны реттеу, мектепті дамыту мақсаттарына жетуде инновациялық үдеріс субъектілерінің күшін біріктіруші мектепшілік мәдениетті қалыптастыру.

Инновациялық іс-әрекетті қалыптастырудың педагогикалық шарттары

Осы аталған көрсеткіштердің әсерінен білім, кәсіп, іскерлік, іс-әрекет, игеру, нәтиже құралады. Білім жалпы, кәсіби, техникалық, арнайы білім болып бөлініп кәсіппен ұштасады. Ал кәсіп – мамандық таңдау, мамандықты меңгеру. Білім алып кәсіп иесі болу үшін іскерлік қажет. Іскерлік – оқу, білім, кәсіп, тәжірибе, ізденушілік, өзіндік жұмыс, іс-шаралар, дағдыдан туындайды. Іскер болу үшін іс-әрекетті меңгеру қажет. Іс-әрекет әрекеттен, операция, қимыл-қозғалыстан тұрады. Барлық үрдіс байланыса орындалғаннан соң нәтиже көрсеткіші пайда болады.

Әрбір педагогтің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: инновация туралы білімі; инновацияны жан-жақты меңгеру; инновациялық іс-әрекет диагностикасын меңгеру; инновацияны тәжірибеге ендіру жұмыстары; инновацияны практикада дұрыс қолдану.

Әрбір білім беру ордаларында бүгінгі таңда белең алып отырған кемшіліктері баршылық, атап айтатын болсақ: білім сапасының төмендігі; білім саласына мемлекет тарапынан реформалар жүргізілгенімен оқудың нәтижесінің болмауы; құжаттар көптеп шығарылғанымен мартымсыздығы; білім алушылардың өздігінен білім алу дағдысының болмауы; білім алушылар мен оқытушылардың бірлескен шығармашылық еңбектерінің болмауы.

Бұл тығырықтан шығудың бірден-бір жолы оқу-тәрбие процесінде инновациялық әдіс-тәсілдерін енгізу, әрбір білім алушылардың білімге деген қызығушылықтарын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол ашу. Инновациялық процестің негізі – жаңалықтарды қалыптастырып жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады.

Білім сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларды оқып, үйреніп, сараптай келе, мынадай тұжырым жасауға болады:

- білім алушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технология түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже оқытушының кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты;
- жаңа инновациялық технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады;
- жаңа инновациялық оқыту технологияларын енгізу барысында әрбір оқу орнының материалдық-техникалық базасының бүгінгі талапқа сай еместігі, әрі жетіспеуі, кадрлық әлеуметтің төмендігі көп кедергі жасайды.

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты – оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. Біздің ойымызша, оқу орындарында инновациялық басқару жүйесін енгізіп, оны жүзеге асыру міндет.

Қорыта айтқанда, инновациялық жаңа технологияларды тиімді қолдану оқушылардың ой-пікірін, көзқарасын, дүниетанымын, жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсерін тигізеді. Білім беру жүйесіндегі жаңару, тек мұғалімдердің жемісімен келеді. Баланың қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, іздемпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын шебер мұғалім. Мұғалім шеберлігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі – ғылыми жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік білу.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан
2. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология: Жоғары оқу орны білімгерлеріне арн. оқу құралы / М.Х. Дулати атындағы Тараз мем. Тараз ун-ті, 2003.- 207 б.
3. Поташник М.М. Инновационные школы России: становление и развитие.-М.: Новая школа, - 1996. - С. 320.
4. Лернер П.С. Инновационные образовательные технологии. - 2006. - №6.- 155
5. Селевко Г. к. Современное образовательные технологии. - М.: 1998.
6. Кузьмина Н. В. Педагогическое мастерство учителя как фактор развития способностей учащихся //Вопросы психологии. -1984. -№ 1.

УДК 378

### ФОРМИРОВАНИЕ КОМПЕТЕНЦИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБЩЕНИЯ У БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ В ПРОЦЕССЕ ПРАКТИКИ В ШКОЛЕ КАК ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА

**Жанбурбаева Жанагуль Багдатовна,**  
магистрант кафедры педагогики и психологии  
Костанайский региональный университет  
им. А.Байтурсынова, г. Костанай, Казахстан

#### Аннотация

Өзектілігі мен мақсаты: Статъя посвящена вопросам формирования компетенций педагогического общения у будущих учителей во время педагогической практики. Рассмотрены особенности навыков педагогического общения и коммуникативной компетенции у будущих педагогов. Автор уделяет особое внимание раскрытию значения и задач педагогического общения во время образовательного процесса.

**Ключевые слова:** педагогическое общение, педагогическая практика, компетенции педагога, будущие учителя.

#### Аннотация

Актуальность и цель: Мақала педагогикалық тәжірибе барысында болашақ мұғалімдердің педагогикалық қарым-қатынас құзыреттіліктерін қалыптастыруға арналған. Болашақ мұғалімдердің педагогикалық қарым-қатынас дағдылары мен коммуникативтік құзыреттілігінің ерекшеліктері қарастырылады. Автор оқу-тәрбие үрдісінде педагогикалық қарым-қатынастың мәні мен міндеттерін ашуға ерекше көңіл бөледі.

**Түйін сөздер:** педагогикалық қарым-қатынас, педагогикалық тәжірибе, мұғалім құзыреттіліктері, болашақ мұғалімдер.

#### Abstract

Relevance and goal. The article is devoted to the formation of pedagogical communication competencies among future teachers during pedagogical practice. The features of pedagogical communication skills and communicative competence of future teachers are considered. The author pays special attention to the disclosure of the meaning and tasks of pedagogical communication during the educational process.

**Keywords:** pedagogical communication, pedagogical practice, teacher competencies, future teachers.

На сегодняшний день становится все более актуальным вопросы формирования профессиональных компетенций у будущих учителей, так как они играют ключевую роль в становлении личности педагога. В этой связи имеет большее значение компетенции педагогического общения. Общение – это сложный процесс обмена информацией между людьми, а также взаимопонимания и взаимодействия между людьми. Своеобразие педагогического процесса основано на различной социально-ролевой и функциональной позиции его субъекта. Стиль общения и лидерства определяются эффективностью обучения и воспитания в контексте жизни, а также спецификой развития личности и формирования межличностных отношений в учебной группе. Педагогическое общение – это многогранное, профессиональное взаимодействие педагогов в процессе обучения с обучающи-